

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 қазандағы N 1278. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.25. N 569 қаулысымен. ~P020569

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 _ Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Заңды тұлға - салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары тыйым салған мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 P950952_ қаулысымен бекітілген Заңды тұлға - салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары тыйым салған мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы Ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 272-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Салық қызметі органдары аукционға шығарған иелік етуге тыйым салынған мүліктерге нарықтық баға белгілеу үшін комиссия құру қажет, оның құрамына мына жергілікті атқарушы органдардың өкілдері енгізілсін:

1. Статистикалық басқарма
2. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет
3. Мәслихат (келісім бойынша)
4. Салық қызметі
5. Жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу жөніндегі облыстық (қалалық) басқарма .

Комиссия әкімшілік-аумақтық бірлікке сәйкес әкімнің өкімімен құрылады

және тұрақты жұмыс істейтін болып табылады";

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "комиссия қатысқан кезде, олардың нарықтық бағасын

негізге ала отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын;

16-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауардың бастапқы бағасы хабарланғаннан кейін 10 минут ішінде оны сатып алуға дайын тұрған сатып алушы табылмаса, ал саудаластыққа қатысушылар саны үшеуден кем болмаса, аукционшы тауардың бағасын Сатушының және Саудаластықты ұйымдастырушының келісімі бойынша старттық бағасынан көп дегенде 40 процентке арзандатуға құқылы";

7-тармақ 8-тармақ болып саналсын;

8-30-тармақтар тиісінше 9-31 тармақтар болып саналсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі